



ҒЫЛЫМ. БІЛІМ. ТӘРБИЕ

«Балам» деген ел болмаса, «Елім» деген бала қайдан шығады? А. Байтұрсынов



РЕСПУБЛИКА КҮНІ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
С ДНЕМ РЕСПУБЛИКИ!

Қасым-Жомарт Тоқаев



Мемлекеттің басты міндеті
– отандастарымыздың
игілігі мен тұрмыс сапасын
қамтамасыз ету. Әділ
бәсекені дамыту, шағын
және орта бизнесті қолдау,
мемлекеттік қолдау
шараларының ашықтығы –
жаңа экономикалық
бағыттың негізгі
қағидалары.

ОСНОВНЫЕ ОРИЕНТИРЫ И НАПРАВЛЕНИЯ В ЦИТАТАХ

Учитель — это человек,
приносящий народу
самую большую пользу.

Миржакып Дулатов.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЛЕШЕГІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ КӨЗІМЕН

Қасым-Жомарт Тоқаев: «МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ»

Біз еліміз үшін күрделі болса да, жүйелі экономикалық реформаларды қолға алып, алдағы бес жылдық дамуымыздың берік негізін қаладық. Сол үшін көптеген маңызды жобалар мен бас-тамалар жүзеге асырылды. Келешекте бұдан да ауқымды жұмыс жасалмақ.

Қазақстан орналасқан жері, экономикалық әлеуеті және қазіргі геосаясат ахуалы тұрғы-сынан алғанда, әлемнің көптеген мемлекеті үшін стратегиялық маңызы бар ел саналады. Бізбен байырғы серіктестеріміз ғана емес, сонау Африка құрлығындағы мемлекеттер де достық қаты-нас құруға мүдделі. Батыста, жалпы жер жүзінде Қазақстанды орта держава деп атайды. Әри-не, бұл мәртебенің салмағы да ауыр.

Менің басты мақсатым – мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және ха-лықаралық аренадағы орнын нығайта түсу. Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істегім де келмейді.

Елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет

Біз түрлі салаға озық технологияларды енгізіп жатырмыз. Ауқымды жобалар қолға алы-нуда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет. Сон-дықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпыұлттық референдумда атом электр станциясын салу жөнінде шешім қабылдадық.

Шын мәнінде, атом энергиясы – еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүние жүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан америкалық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қа-тысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден астам ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады.

Қазір 31 мемлекетте ядролық энергия өндіріледі. Бұл – әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салу-ды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық технологиясы бар елдермен ынтымақтастыққа баса мән береміз.

ПО СЛЕДАМ СОБЫТИЙ:

В своей речи накануне профессионального праздника — Дня учителя, Президент подчеркнул особое уважение к педагогам в Казахстане.

По его словам, для превращения страны в передовую нацию ключевым приоритетом дол-жны стать развитие образования и науки.

Токаев отметил, что профессия учителя требует высокой грамотности, таланта и квали-фикации. При этом, Токаев подчеркнул, заслуги педагогов должны получать должное признание.

«АДАЛ АЗАМАТ».

Глава государства отметил, что связывает большие ожидания с молодежью и с увереннос-тью смотрит на ее будущее.

«В нынешнее нестабильное время наряду с качественным образованием особое значение при-обретает воспитание ответственности. Следует уделять этому вопросу самое пристальное внимание. Государство, школа и семья должны сообща участвовать в этом важном деле. С это-го года во всех школах в учебный процесс внедряется единая воспитательная программа “Адам азамат”. Главная ее цель — привитие национальных ценностей подрастающему поколению, его воспитание в духе патриотизма.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ.

Президент подчеркнул, что, следуя вызовам времени, Казахстан должен стремиться к ста-тусу развитой и передовой страны, при этом особое внимание уделив цифровизации образова-ния.

«Реальностью современного мира стали цифровизация и искусственный интеллект. Имен-но поэтому в своем недавнем Послании я уделил особое внимание этой теме. Детям со школьной скамьи необходимо прививать цифровую грамотность. Учащиеся должны уметь эффективно использовать передовые технологии в процессе обучения. Это касается и учителей: педагогам важно осваивать современные навыки. Следует широко применять искусственный интеллект в системе образования. Превращение в цифровое государство — задача не одного дня. По сути, речь идет о внедрении кардинально новых подходов начиная с системы школьного образования. Уверен, вы, уважаемые учителя, проявите активность в осуществлении этой важной миссии», — подчеркнул глава государства.

Республика күні құтты болсын!



ШЫРШЫК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛЫНДА



Маматкулов Равшанжон
Солижонович

Шыршык мемлекеттік
педагогикалық университеті

Тарихтан белгілі болғандай, ата-бабаларымыз өз ұрпағын жан-жақты тәрбиелеп, сымбатты, көрікті және қайратты етіп өсіруге ерекше көңіл бөлген. Бұл дәстүр халқымыздың жастардың денсаулығына, күші мен рухани жетілуіне мән бергенінің айғағы болып, адамның дене кемелдігі мен тәрбиесінің көрсеткіші ретінде бағаланған.

Сондықтан спортпен жүйелі түрде айналысу адамның мінезін шыңдап, жаман әдеттерден сақтайды. Спорт және пайдалы іспен айналысқан адамда теріс ойлар мен әрекеттерге орын қалмайды. Бос уақыт пен күш-қуатты спортқа жұмсау арқылы жастар шыдамдылық пен тәртіпке үйренеді. Осы себепті ежелден-ақ балаларға жүзу, атқа міну, жүгіру, тас көтеру, спорттық және қозғалмалы ойындар, сондай-ақ өзін-өзі қорғау тәсілдерін үйрету дәстүрі қалыптасқан.

Бүгінгі таңда жастардың бос уақытын тиімді және мазмұнды өткізу, оларды салауатты өмір салтына тарту – Өзбекстан Республикасының білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі болып табылады. Осы мақсатта Чирчик мемлекеттік педагогикалық университетінде студенттердің дене белсенділігін арттыру, оларды спортқа жүйелі түрде баулу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Университетте жыл сайын «Жаңа Өзбекстанның олимпиадалық шыңдары», «Бес маңызды бастама», «Студенттер лигасы», «Ректор кубогы», «Салауатты өмір апталығы» сияқты бұқаралық спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, студенттер арасында салауатты бәсекелестік рухын қалыптастыруға, ұжымшылдықты арттыруға және спортқа деген қызығушылықты күшейтуге септігін тигізуде.



Сонымен қатар, студенттердің бос уақыттарын тиімді өткізуі үшін университетте түрлі спорттық үйірмелер жұмыс істейді. Атап айтқанда, футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика, күрес, үстел теннисі, шахмат және гимнастика үйірмелерінде жүздеген студент тұрақты түрде жаттығуда. Қыздарға арналған фитнес және аэробика сабақтары жолға қойылған, бұл – денсаулықты нығайту бағытындағы маңызды бастамалардың бірі.

Университет жанынан құрылған спорттық-сауықтыру кластері бұл үдерісті жүйелі түрде дамытуға қызмет етуде. Кластер құрамына спорт залдары, ашық алаңдар, тренажер залдары және медициналық бақылау орталықтары кіреді. Бұл құрылым студенттердің тек физикалық емес, сонымен қатар психологиялық саулығын нығайтып, спорт арқылы салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасайды.



Университет басшылығы мен спорт клубының бастамасымен жыл сайын өткізілетін спорттық жарыстарда ең белсенді командалар мен спортшылар арнайы марапатталып, дипломдар, медальдар және естелік сыйлықтармен ынталандырылады.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Чирчик мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері тек білім саласында ғана емес, спорттық бағытта да жоғары жетістіктерге жетіп келеді. Олар облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, университеттің беделін арттыруға лайықты үлес қосуда.

Университетте жасалған жағдайлар, спорт инфрақұрылымының жетілдірілуі және бапкерлердің кәсіби шеберлігі студенттердің бос уақыттарын мазмұнды, пайдалы әрі салауатты өткізуіне кең мүмкіндік беруде.

Қорытындылай келе: студенттердің денсаулығын нығайту және бос уақыттарын спортпен өткізу бастамасы жастар арасында салауатты өмір салтын орнықтыруда маңызды рөл атқаруда. Чирчик мемлекеттік педагогикалық университеті ұжымы осы игі мақсат жолында белсенді еңбек етіп келеді. Егер әрбір жас спортты өмірлік қажеттілік ретінде қабылдаса, еліміз мықты әрі дені сау ұрпаққа ие болары сөзсіз.

